



# Жалағаш жаршысы



«zhalaqash-zharshysy.kz»  
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

## Ел жаңалықтары



### Жылу беру маусымына дайындық қызу

Қыстан қысылмай шығу үшін жылу беру маусымына дайындық жұмыстары үлкен жауапкершілікті талап етеді. Соның ішінде жыл сайын жылу қазандықтары мен жылыту құбырларын жөндеу, қалпына келтіру жұмыстары қатаң сұралады. Бұл тұрғыда Сыр өңірінде де дайындық жұмыстары жоспарға сәйкес жүргізілуде. Жылу беру маусымының уақытылы әрі тиімді басталуы үшін тиісті сала мамандары үздіксіз жұмыс істеп жатыр. Сәйкесінше, облыс көлемінде үйлер мен мекемелерге жылу беру жұмыстарын сапалы ұйымдастыру үшін барлық қажетті шара қолға алынған.

Облыстық энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық басқармасының мәліметінше, аймақтың жылу беру маусымына арналған көмірдің жалпы қажеттілігі 162,5 мың тоннаны құрайды. Оның ішінде тұрғындар үшін – 134,6 мың тонна, ал әлеуметтік нысандарға 27,9 мың тонна көмір қарастырылған. Бүгінге дейін өңірде 68,8 мың тонна көмір жеткізілген. Бұл жалпы қажеттіліктің 42,3 пайызын құрайды.

Қазіргі уақытта қала мен аудан көлеміндегі көмір қоймаларында 32,9 мың тонна нақты көмір қоры бар. Сондай-ақ аймақта тұрғындарды қатты отынмен қамтамасыз ету мақсатында 26 өңірлік оператор жұмыс істейді. Бұл операторлар тұрғындар мен әлеуметтік нысандардың көмір қажеттілігін үздіксіз қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады.

## Әскерден қашу қылмыспен тең

Қорғаныс министрлігі мерзімді әскери қызметке шақырудың тәртібін мәлімдеді. Биыл күзде әскер қатарына шақырылған 20 мыңнан астам азамат міндетін өтемесе, әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тартылады.



– Әскери қызметке шақырылған азаматтар жергілікті әскери басқару органының шақыру комиссиясына келуге міндетті, – деді ҚР Қарулы Күштері Бас штабы Ұйымдастыру-жұмылдыру жұмысы департаменті бастығының орынбасары Фархат Айдарбаев.

Шақыру қағазы әскерге баруы керек адамның жеке өзіне немесе жұмысына, оқу орны бойынша ұйым басшыларына қол қойғызу арқылы, болмаса смс-хабарлама арқылы тапсырылады. Шақыру қағазын азаматтың жеке өзіне тапсыру мүмкін болмаған жағдайда оның келуін қамтамасыз ету тиісті ішкі істер органдарына жүктеледі.

«ЖЖ» ақпарат

## Алтын дән – 2024



## Көңілден шыққан жәрмеңке

Ауылдың қырманы толатын, берекелі де мерекелі алтын күз де келіп жетті. Күз – молшылықтың, байлықтың, берекенің мезгілі. Сыр салысынан бөлек бау-бақшамызда әбден пісіп-жетілген көкөністер мен жемістер, майлы ет пен балығымыз әр отбасының дастарханынан орын алып, Жер-ананың ризығына шүкір өтеміз.



Жаз бойы бау-бақшасының маңында болып, оны күтіп-баптауға бар күш-жігерін жұмсаған ақжүректі, кең пейілді Сыр шаруалары облыс орталығына арнайы барып, өнімдерін халықпен бөлісті. «Алтын күз – 2024» дәстүрлі мерекеде арнайы дайындалған сөрелер лық толды. Әдеттегідей табиғи азық-түлік пен ет, балық өнімдері және көкөністер мен жемістер сатылымға шығарылды. Бұл жолы қала тұрғындарын сапалы өніммен қатар жайлы баға да қуантты. Жәрмеңкеде тебе көрсеткен шаруалардың барлығы нарықтан 25-30 пайыз төмен бағамен қызылордалықтарға сапалы өнімдерін өткізуге тырысты.

Биыл Сыр шаруалары 189 400 гектар жерге егін екті, нәтижесінде 85 600 гектар күріштен 58 центнерден өнім алып, жарты миллион тоннаға жуық Сыр маржанын жинаған. Бүгінде күріштен басқа да дәнді дақылдардан 18,5 мың тонна, майлы дақылдардан 4,9 мың тонна, картоп, көкөніс, бақша өнімдерінен 352,7 мың тонна, мал азықтық дақылдардан 327 мың тонна өнім қамбаға құйылған.

Қала күніне орайластырылған ауқымды іс-шарада Сыр дақылдарының 1000 тоннадан астам өнімі саудаға шығарылды. Атап айтқанда, 200 тоннадан астам күріш, 25 тонна ет және 40 тоннадай балық өнімдері, 200 тонна

картоп, 70 тонна сәбіз, 120 тонна пияз, 150 тоннадан астам көкөніс пен жеміс-жидек, 250 тонна бақша өнімдері, 10 тоннадай сүт өнімдері, 10 тоннаға жуық кондитер өнімдері, 200 бас тоқты және 40 тонна жем-шөп жеткізілген.

– Жәрмеңке маған ұнап жатыр. Үйімнің жанында, алыс емес. Баға арзан, күріш, ұн, ет және балық өнімдерін сатып алдым. Осындай жәрмеңке жиі ұйымдастырылса деймін. Халыққа жақсы ғой, бағалары қалтаға қонымды, картоп, сәбіз, пияз барлық жерде қымбат екені рас. Ал жәрмеңкеден оңтайлы бағада сатып аласың. Ұйымдастырушыларға, кәсіпкерлерге ризамыз, халық қуана келіп жатыр, – дейді қала тұрғыны Төлеш Жанаева.

Әрине, жалағаштық шаруалар да жәрмеңкеде өз өнімдерін сөрелерге қойып, қала тұрғындарын барынша қуантты. Олай болғаны да заңдылық, өйткені су қелсе, қызылордалықтар Жалағаштың күрішін, Жаңадарияның қауын-қарбызын, Мақпалкөлдің алма-сын асыға күтеді.

– Жәрмеңкеде ауданнан 60 автокөліппен өнім әкелініп, жалпы құны 46 млн 850 мың теңгенің азық-түлігі сатылымға шығарылды. Іс-шара барысында 200,9 тонна ауыл шаруашылығы өнімдері және мал азықтық жем-шөптен 6,5 тонна қала тұрғындарына ұсынылды. Айтпа кету қажет, жәрмеңке қарсаңында өнімдердің бағасы нарықтан 20-30 пайызға төмен болды. Жыл соңына дейін Жалағаш ауданы қала тұрғындарын азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз ету мақсатында қараша-

желтоқсан айларында 3 мәрте ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесін ұйымдастыру жоспарлауда. Алдағы уақытта да қажеттілік тудыратын азық-түлік өнімдері жәрмеңке барысында халыққа қолайлы бағада ұсынылатын болады, – дейді аудан әкімінің орынбасары Әліби Байнахатов.

Жәрмеңкеде жергілікті өнерпаздар өнер көрсетіп, балаларға арналған ойындар ұйымдастырылып, келушілерге көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Бір сөзбен айтқанда, қызылордалықтар жәрмеңке тек сауда-саттық мақсатта ғана емес, бір-бірімен қал-жағдай сұрасып, той іспетті өткізді.

– Мен Жаңадария ауылының тұрғынымын. Өздеріңіз де байқап тұрған шығарсыздар, Жаңадария десе, халықтың есіне бірінші қауын мен қарбыз түсетіні бар. Жаз бойы ауыл маңында қауын-қарбыз өктім, бүгін сол өнімдерді халық алдына әкеліп отырмын. Шүкір, сауда бар, өнімге сұраныс жоғары. Ең бастысы, қауын-қарбызым тұтынушыларға ұнап жатыр. Әрине, маңдай термен, ешқандай қоспасыз егілген өнімнің тәтті болары анық. Жасаратыны жоқ, биыл шаруалар үшін қиындау болды, өйткені аптап ыстықта аяқ су ташылығына тап болдық. Десе де қиындыққа берілмедік. Жер ана да бізді ренжітпей, осындай керемет өнім берді. Міне, енді сол қауын-қарбызды сіздермен бөлісуге келіп қалдық, – дейді шаруа адамы Ғалымжан Құрабаев.

Жалпы жәрмеңкені ұйымдастырудың мақсаты әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандырып, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерден тікелей тұтынушыларға жеткізу болып табылады. Бастысы, шаруалар мен тұтынушылардың көңілінен шығып жатыр.

Жандос ЖАЗКЕН

## Егінжай – 2024



## Өнімде өсім бар

Ала жаздай атыз басында төр төккен диқандар күзгі науқанды да қорытындылады. Бүгінде еліміз бойынша егіннің 98 пайызы жиналып, 25,2 миллион тонна астық бастырылған. Орташа өнім ер гектардан 15,5 центнерді құрайды. Диқандар 1,2 миллион тонна қант қызылшасын жинамақ. Бұл – рекордтық көрсеткіш. Сонымен қатар жем-шөп түрлерін де көптеп жинау жоспарланып отыр.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, егін егу және жинау науқанын қаржыландыру көлемін ұлғайту шаралары қолға алынды. Биыл осы мақсатқа алғаш рет 5 пайыз мөлшерлеменен 580 миллиард теңге бөлінді. Қаржы шаруаларға субсидиясыз, тікелей беріледі. Бұл өткен жылмен салыстырғанда үш есе көп.

Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаровтың айтуынша, келер жылы аталған бағыттағы қаржыландыру көлемін 900 млрд теңгеге дейін ұлғайту көзделген. Оның ішінде жеңілдетілген лизинг арқылы ауыл шаруашылығы техникасын алуға 200 млрд теңге бөлінді. Төмен пайызбен берілетін несиені тиімді пайдаланып, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту үшін мемлекеттік қолдау тетіктеріне өзгеріс енгізілді.

Елде биыл мал шаруашылығы да айтарлықтай шираған. Мәселен 9 айда 796 мың тоннадан астам ет өндірілді. Бұл өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 4,5 пайызға артық. Сүт өндіру көлемі 4,2 пайызға өсіп, 2,8 миллион тоннаны құраған.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуді дамытудың 2028 жылға дейінгі кешенді

жоспары аясында кәсіпорындардың жүктемесін ұлғайту және отандық өнімді өткізу нарықтарын кеңейту үшін тиісті шаралар қабылданып жатыр. Сүт, ет, күнбағыс, күріш, жүгері және қарақұмық өңдеуді 70 пайызға дейін жеткізу көзделген.

Министрліктің келер жылға да нақты жоспары айқын. Мәселен, алдағы уақытта егістіктерді жедел әртарапандыру жұмыстары жалғасады. Ол үшін суды көп шығындататын және бір ғана дақыл түрі егілетін алқаптарды азайтып, көбірек пайда әкелетін өнім түрлерін өсіруге басымдық беріледі.

Айта кетейік, Жалағаш ауданы да биыл саланы толайым табыспен қорытындылады. Нәтижесінде аймақта «Үздік аудан» номинациясын жеңіп алды. Аграрлық ауданда 37 218 гектарға ауыл шаруашылығы дақылдары егілсе, оның 19 800 гектары – күріш. Шаруашылықтар ала жаздай баптаған өнімін жинап алды. Күріштің әр гектарынан 60,5 центнерден өнім алып, қамбаға 1 197 900 центнер өнім жиналды.

Бүгінге дейін бидай, арпа, сұлы, қант құмайы, мақсары, картоп, көкөніс, бақша дақылдары толық жинап алынған. Тарқатып

айтсақ, 129 гектар күздік бидайдың әр гектарынан 13,770 гектар жаздық бидайдың әр гектарынан 9, центнерден 665 гектар мақсарының әр гектарынан 8,7, 200 гектар қант құмайының әр гектарынан 41,40 гектар арпаңың әр гектарынан 8,2 центнерден өнім жиды. Мұнан бөлек 64 центнер сұлы, 33 276 центнер картоп, 195 центнер көкөніс, 299 650 бақша дақылдары жиналды. Қазіргі таңда күрішпен қатар жоңышқа жинау жұмыстары жүргізілуде. Бүгінде 4850 гектар жаңа жоңышқаның әр гектарынан 12,5 центнерден өнім алынады. Сондай-ақ 8091 гектар ескі жоңышқаның 191 гектары тұқымға алынып, 7900 гектар жоңышқаның әр гектарынан 65,0 центнерден өнім алынды.

Аудан шаруашылықтары техника паркін жаңарту жұмыстарын үнемі жүргізіп келеді. Биыл 1670,6 млн теңгеге 26 ауыл шаруашылығы техникасын сатып алынды. Ал күзгі дала жұмыстарына 1027 ауыл шаруашылығы техникасы қатысқан. Оның ішінде 431 трактор, 249 комбайн, 124 жатқа, 58 жүк келіні, 165 трактор тіркелімі бар.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

## Аққұмда ауқымды жұмыс бар



Аққұмға бұған дейінгі сапарымызда ауылдағы ағайынның талап-тілегіне жол сапасы арқау болған. Ішкі көшелер сапасының сын көтермейтінін біз де жақсы білеміз, жергілікті билік бұған қатысты арнайы жобалар дайындалғанын айтумен шектелетін. Кешегі апта ауылға тағы жолымыз түсті, Аққұмды аралап, елді мекеннің тыныс-тіршілігімен таныстық. Байқағанымыз, ауылда соңғы уақытта жергілікті жұрттың талап-тілегіне ерекше мән берілгені байқалады. Әлбетте, басқа да салалар бойынша жұмыстар жоқ емес, бірақ бізді ой-шұқыры көп орталық көшелердің сапасына мән берілгені қуантты.

Иә, бұған дейін редакцияның шығармашылық тобы «Ауыл тынысы» деген айдар аясында елді мекендердің бүгінгі тынысын, ондағы мәселелерде басылым бетінде көтерген. Кешегі аптада кезекті сапарымыз Аққұм ауылдық округінде жалғасты. Тарқатайық...

### Әлеуметтік әлеуетін арттыру маңызды

Негізінен елді мекен жұрты егін ету, мал өсіру, жалпы ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірумен және оны өңдеумен айналысады. Әлеуметтік жағдайына келсек, 1800-ге жуық адам мекен еткен ауылда жұмыссыздық деңгейі 3 пайызды құрайды. Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жоба бойынша 5 ауыл тұрғыны жастар

практикасына, 2 ауыл тұрғыны «Күміс жас» жобасына, 3 ауыл тұрғыны «Әлеуметтік жұмыс» орындарына орналастырылып, 12 ауыл тұрғыны тұрақты жұмыс тапқан.

Мемлекет басшысының бұған дейінгі 10 мың адамға 100 жаңа жұмыс орнын құру жөніндегі арнайы тапсырмасы бар. Атынбек Асанбеков осы бағытта нақты жұмыстар жүзеге асып жатқанын айтады. Мәселен, осыған дейін Аққұмда 10 жаңа жұмыс орны ашылған. Биыл жұмыссыз ретінде 46 тұрғын тіркелсе, оның 12-сі тұрақты жұмысқа орналасқан, 34 адам ақылы қоғамдық жұмысқа тартылды.

### Кәсіпкерлік алға басқан

Ауыл әкімі Алтынбек Асанбеков жүзеге жуық шағын және орта кәсіпкерлік нысаны барын айтады. Бүгінде

оның 95-і нақты жұмыс жасап тұр. Жергілікті жұрт кәсіп ашуда мемлекеттік бағдарламаларды тиімді пайдаланып отыр. Мәселен Ауылдық округ бойынша «Бастау Бизнес» кәсіпкерлік негіздерін 7 ауыл тұрғыны оқып, барлығы қайтарымсыз грантпен кәсіп ашқан. Ал «Ауыл аманаты» жобасы бойынша 1 адам суармалы жерлердегі өсімдіктерді бүрку үшін квадрокоптер алуға қаржылай қолдауға ие болған. Жоба құны – 11,4 млн теңге. Сонымен қатар 2 ауыл тұрғыны арнайы техника, 1 ауылы тұрғыны асыл тұқымды мал алу үшін құжат дайындауда.

– Аққұмда биыл атқарылған қызметтер Президент Жолдауына, сондай-ақ Үкімет қабылдаған бағдарламалардан туындайтын міндеттерді орындауға, облыс, аудан әкімінің қаулы, шешім және хаттамалық тапсырмаларын орындауға бағытталған. Өздеріңіз көріп отырғандай, ауылда егін және мал шаруашылығы қарқынды дамыған. Ауылдық округ бойынша 2 заңды тұлға, 14 шаруа қожалық, 5 бюджеттік мекеме және пошта байланыс бөлімшесі, уәскелік полиция пункті, бір мешіт халыққа қызмет көрсетеді, – дейді Алтекев.

### Қос салада қарқын бар

Иә, Аққұмдағы ағайынның ауыл шаруашылығы саласында табысты еңбек етіп отқанын аңғару қиын емес. Әсіресе олар күнделікті тұрмыс-тіршілігін мал шаруашылығымен байланыстырады. Қазірдің өзінде жеке отбасыларда 1668 мүйізді ірі қара, 1853 жылқы, 825 қой, 728 ешкі, 74 түйе, 1006 үй құстары есепке бар. Ал мал шаруашылығымен айналысатын

шаруа қожалықтарда 609 мүйізді ірі қара, 670 жылқы, 125 қой, 94 түйе есепке алынған. Ауылда биыл 2112 гектар күріш, 745 гектар жаңа жоңышқа, 75 гектар мақсары егіліп, 706 гектар ескі жоңышқа күтімге алынған. Кешегі күзгі науқанның қорытындысымен ауыл еңбеккерлері егін шаруашылығын толайым табыспен қорытындылады. Жалпы жер көлемі 15 500 гектарды құраса, оның ішінде 10008 гектары – ауыл шаруашылығы жерлері. Мұнан бөлек 5212 гектар жайылымдық, 246 гектар шабындық және 4550 гектар егістік жер тағы бар.

### Ауылдағы алтын ұя

Елді мекендегі 420 орындық №38 орта мектеп 1974 жылы пайдалануға берілген. 2012 жылы білім ордасына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Қазіргі таңда онда балалардың сапалы білім алуына барлық жағдай жасалған.

Бүгінде ауылдағы алтын ұяда 400 оқушы білім алады. Ондағы 58 мұғалімнің 96,5 пайызы – жоғары білімді маман. Биыл білім ошағын 25 оқушы бітірген. ҰБТ-ға 22-сі қатысып, бұгінде 19 түлек мемлекеттік грантпен жоғары оқу орындарында білім алады. Биыл бұл нысан жылу маусымында 9 тонна дизель отынымен тамтылған. Әлі 65 тонна дизель келеді деп күтілуде.

Ауылдық округте №7 «Шұғыла» балабақшасы жұмыс жасайды. 1975 жылы пайдалануға берілген нысан 120 балаға арналған. Қазіргі таңда

105 бала қамтылған. Онда 40-қа жуық адам жұмыспен қамтылған. Балабақша ғимаратына да 2016 жылы күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілген. Екі жыл бұрын тағы да ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Балабақша жылу маусымында 5,7 тонна дизельмен қамтылған. Енді 42 тонна дизель келеді деп күтілуде.

Ауыл тұрғындарына 10 тесектік күндізгі стационарлық дәрігерлік емхана қызмет көрсетеді. Медициналық нысан 1975 жылы пайдалануға берілген. Биыл жаңа жедел жәрдем көлігімен қамтамасыз етілді. Емханаға 3 жыл бұрын күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Қазіргі таңда бұл нысан да жылу маусымына сақадай сай. Осыған дейін 75 тонна қатты отын жеткізілсе, алдағы уақытта тағы да 55 тонна көмір келеді деп күтілуде.

Аққұмда 150 орындық ауылдық клуб ауыл тұрғындарына қызмет көрсетеді. Мәдениет үйі 2012 жылы пайдалануға берілген. Онда 15 адам жұмыс жасайды. Мәдениет ошағын 2022 жылы күрделі жөндеу жасалған. Бұл нысан да жылы жылу маусымына дайын екен. Бүгінде дейін 20 тонна қатты отын жеткізілсе, қалғаны алдағы уақытта келеді деп күтілуде.

Елді мекенде 1 спорт орталығы тұрғындарға қызмет көрсетеді. 2017 жыл салынған ғимарат 3 жыл бұрын қайта жабдықталып, ауыл спортының алға басыуына қолғабыс етуде. Қазіргі таңда онда ауыр атлетика, тоғызқұмалық, күрес үйірмелері жұмыс жасайды.

Ауылда Ауысзу жүйесі мен электр желілеріне 2021-2022 жылдары қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілген. Жергілікті жұрт тәулік бойы сапалы ауысзуға қол жеткізіп отыр. Сондай-ақ барлық тұрғын үй су өлшегіш құралын қондырған. Елді мекенді аяқ сумен қамтамасыз ету мақсатында 1 сұтартқыш насос іске қосылған.

### Жол сапасы жақсарған

Иә, Аққұмда соңғы жылдары жол құрылысы қарқын алып, елдің талап-тілегі орындалды. Ауылдың ішкі көшелерінің жалпы ұзындығы 14 шақырымды құрайды. Биыл ауылдық округте 10 көшеге күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізді. Жобаның жалпы құны – 457,1 млн теңге.

– Өздеріңіз білетіндей, осыған дейін ауылдағы жол сапасының сын көтермейтіні еді. Елді мекеннің халықпен кездесуінде де елдің мәселесі осы жол сапасы арқау болған. Ел ағалары ауылдағы ағайынның мәселесін ескеріп, ортақ мәселемізді шешіп берді. Алдағы жылға да арнайы жобаларымыз бар, барлығы осы елді мекеннің өкілі тынысына ашуға негізделген, – дейді Атынбек Асанбеков.

### Ауылдың абаттануына демеушілер де дам берді

Елді мекенде демеушілер есебінен де ауылды абаттандыру, көркейтуді көгалдандыру жұмыстары қарқын алған. Биыл «Жасталап» шаруа қожалығының демеушілігімен Бейбітшілік көшесінің бойындағы 750 метр жер қоршалып, гүл және жеміс ағаштарын егу жұмыстары жүргізілді. Кәсіпкер бұл мақсатқа 2,8 млн теңг бөлген. Сонымен қатар мектептің 20 жылдық түлектері «Тайман қари» мешітіне 2 млн теңгеге ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізген.

Мұнан бөлек Мәнлікәрі Нұрқожаев көшесі мен орталық алаңға «Бірлік-А» шаруа қожалығы жұмыстарын жүргізді. 1968 жылғы ауыл азаматтары Кеңес әскерінің Ауған жерінен шыққанына 35 жыл толуына орай Ауғанстан жерінде интернационалдық борышын адал өтеп келген ардагерлерге арнап аллея ашты.

Ауылды абаттандыру мақсатында мемлекеттік бағдарламалармен де ілкімі жобалар жүзеге асқан. Мәселен «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы бойынша 2,2 млн теңгеге Қалыбай Бекенов көшесіне түнгі жарық шамдары ауыстырылды. Сондай-ақ Бейбітшілік және Б.Ақдаулетов көшелеріндегі бейнебақылау камералары жөнделіп, ауылшілік көшелердің жол белгілері жаңартылған.

Жалпы ауылда айтарлықтай өзгеріс бар, мұның бәрі нәтижелі жұмыстың жемісі деп түйдік. Бірақ бұған тоқмелейтін тағы болмайды. Оны ауыл әкімі Алтекев де жақсы біледі. Алдағы жылға да нақты жоспарлары бар екен ал оның нәтижесін сол уақыттың өңісіне қалдырдық.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ




## Баспасөз конференциясы

# Сот төрелігін жетілдіру – қоғам талабы

Сот жүйесін жетілдіру, бұл бағыттағы шараларды сапалы жүзеге асыру – заң үстемдігін қамтамасыз етудегі басты басымдықтың бірі. Себебі қарапайым халықтың сот пен судьяға деген сенімі билік пен мемлекетке деген сеніммен бірдей. Би – түзу, билік – әділ болсын. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев еркін елдің ертеңін адам құқығының қорғалуы және заң үстемдігімен байланыстырады. Әлбетте бұған Ата заң кепіл.

Осы орайда аудандық сотта БАҚ өкілдерінің қатысуымен биыл 9 айдың жұмыс қорытындысы, заң үстемдігін қамтамасыз ету бойынша баспасөз конференциясы өтті. Баспасөз конференциясына аудандық сот төрағасы Асылхан Мизанбаев және аудандық сот қызметкерлері, құқық қорғау саласының мамандары, жергілікті өңірлік «Жалағаш жарысы» газетінің тілшілері қатысты. Жиын барысында аудандық сот төрағасы Асылхан Мизанбаев биыл атқарылған жұмыс жайлы баяндады.

Төрағаның айтуынша, аталған мерзімде аудандық сотта барлығы 853 іс, нақтырақ тоқталсақ, азаматтық 403, әкімшілік 3, қылмыстық 44, әкімшілік құқық бұзушылық 403 іс қаралған. Аяқталған 403 азаматтық іс бойынша 28 сот бұйрығы, 221 шешім шығарылса, 112 іс тоқтатылған. Ал 38 іс қараусыз қалдырылып, 4 іс басқа соттың қарауына жолданған. Тоқтатылған азаматтық істерге қатысты медиация бойынша 110, оның ішінде сотқа дейінгі хаттама негізінде 83 іс қаралған. Азаматтық істер



бойынша ең көп қаралған даулар шарт бойынша міндеттемеден туындаған даулар 234, неке бұзу 45, көмелетке толмаған балаларды асырап бағу үшін алимент өндіру жайлы талаптар 27, заңдық маңызы бар фактіні анықтау жайлы арыздар 24, әкімшілік істер бойынша 2 іс медиация тәртібімен тоқталған, 1 іс қанағаттандырудан бас тартылған.

Қылмыстық істер бойынша 44 іс аяқталса, үкім шығару арқылы 27 іс, сондай-ақ 11-і тоқтатылды. Медиация тәртібімен 8-і татуласты, соттылығы бойынша 6 іс жолданып, 30 азамат сотталды. Оларға тағайындалған жаза түрлері бойынша 5 азамат қоғамдық жұмысқа тартылды, 18-інің бас бостандығын шектеу, 4-еуін бас бостан-

дығынан айыру, 2 азаматқа айыппұл салынып, 1 азаматқа шартты жаза тағайындалды. Аяқталған істердің санаттарына тоқталсақ, онша ауыр емес санаттағы қылмыс – 9, ауырлығы орташа қылмыс – 6, ауыр қылмыс – 14, теріс қылмық санатындағы қылмыс – 15. Аяқталған қылмыстық істердің ең көп қаралған қылмыс санаты бойынша ҚР ҚК-нің 188-1 бабы, мал ұрлығы бойынша 1 іс қаралды, ҚК-нің 188-бабы, ұрлық, яғни бөтеннің мүлкін жасырын жымқыру 10 іс, ұсақ-түйек жымқыру 3 іс, есірткі затын заңсыз егу, тасымалдау санатында 11 іс назарға алынды. Алаяқтық бойынша 3 іс қаралып, аяқталды.

Жалпы жаза тағайындалғандары бойынша айыппұл 123, ескерту 20,

қамаққа алу 43, көлік құралын басқару құқығынан айыру 2, көлік құралын басқару құқығынан айыру қосымша жаза ретінде 7 адамға қолданылған. Әкімшілік құқық бұзушылықтың ең көп қаралған санаты бойынша жеке бастың құқықтарына қол сұғатын оның ішінде ұрып-соғу, отбасы-тұрмыстық қатынастарда тұратын адамды ұрып соғу бойынша 75 іс қаралған.

Баспасөз конференциясын қорытындылаған сот төрағасы алдағы уақытта да сот төрелігінің сапасын арттыруға, сот жүйесін нығайтуға барлық шаралар қолданылатынын айтып, баспасөз конференциясына қатысушылардың сұрақтарына жауап берді

Жандос МАХМҰТҰЛЫ

## Сақтансаң, сақтайды

### Тұрғын үйдегі өрт қауіпсіздігі



Тұрғын үйлер және пәтердегі өрт оқиғалары көбінесе сол үйде тұрып жатқан тұрғындардың кінәсінен болып жатады. Сұрапыл апатты құбылыс жылдар бойы жылдан мүліктерді аяусыз жойып, адамдарға қайғы-қасірет әкелуде. Көбінесе өртке себепші өздері, олардың көршілері, балалары болып жатады.

Статистика бойынша тұрғын үй мен пәтерлерде өрттің шығуына негізгі себептер тұрмыстық электр және газ аспаптарын пайдалану кезінде, пештердің дұрыс орнатылмауы мен қолдану кезіндегі өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзу, мас күйінде шылым тарту салдарынан, сонымен қатар электр өткізгіштерін дұрыс жүргізбегендіктен болып отыр. Егер үйіңізде немесе пәтеріңізде электр өткізгіш сымдарына және электр аспаптарына зақым келсе, тез арада электр маманын шақырыңыз.

Өртті болдырмау үшін сізге өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтаған жөн. Электр және газ құралдарын қосуды қалдырмаңыз, сондай-ақ оған балаларды жақындатпаңыз. Уақытша және зақымдалған электр өткізгіш сымдарын пайдаланбаңыз. Электреспеттегіштердегі электрсқаңдандырыштар арнайы зауытта дайындалған болуы тиіс;

Үлкен көлемдегі электр құралдарын бір уақытта қосып, электр жүйесіне күш түсірмеңіз. Газдың кеміп қалуын тексеру үшін ашық отты қолданбаңыз. Сірiңкiнi балалардың қолы жетпейтiн жерде сақтаңыз. Бөлменi жылытуға бей-берекет қолдан жасалған электржылытқыш құралдарын қолданбаңыз.

Балалардың отпен ойнауына жол бермеңіз және оларды қараусыз қалдырмаңыз. Өрт және жану оқиғасы болған кезде тез арада телефон арқылы 101 немесе 112-ге хабарласыңыз. Өрт қауіпсіздігі ережесін сақтау сіздің үйіңіз бен мүлкіңізді оттан қорғайды.

Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі



Ойтаразы



## «Диван батырлар» көбейіп барады

Ел тағдырын бәрінен биік қойған, ұлттың тұтастығын, жерінің бүтіндігін мақсат еткен қазақ батырлары тарихтың әр белесінде тұлғалық деңгейге көтеріліп, мәртебесі артып отырған. Ел тағдырын шешетін үлкен мәселелерге қатысып, өз ойын емің-еркін жеткізе алған. Яғни олар ұлттың тұлға, ұлттың қаймағы болған. Алайда ащы болса да шындық, бүгінде әлеуметтік желіде адамды қорлау, намысына тию, қудалау, қоқан-лоқы жасау сияқты кибербуллинг түрлері кең етек жайды. Қоғамда «Диван батырлары» аталып кеткен желіде пікір жазатын, тұлғаның жеке басына тиесетін топ құмырсқадай қаптады.

Иә, қоғамда өзінің іс-әрекеті үшін қызу талқыға түсіп, буллингке ұшырағандар көп-ақ. Мәселен, талқы жасап, сараптап отыратын фейзбуктегі жұрт халық алдында жүрген әртістерді, әншілерді, биліктегі саяси тұлғаларды, жалпы қоғамда орын алып жатқан оқиғаларға пікір айтып, келемеждеу сөнге айналғандай. Десе де әлеуметтік желі пайдаланушылары мұны қоғамдық талқы, азаматтық позициямыз деп өздерін ақтап жатады. Ал психологтар қоғамдық талқы мен кибербуллингтің арасы тым жақын екенін айтады.

Бүгінде белгілі бір жетістікке жеткен азаматтарды, қоғам үшін еңбек еткен тұлғаларды ұлттық мерекелерде марапаттау әдетке айналғандай. Бірақ бұл дәстүрді қоғам екіұдайлы қабылдайтын іспетті. Себебі кейбір құрметке бөленген азаматтарымызды қоғам қабылдамай, үлкен сынның астына алып жатады. Былтыр өңші Әли Оқаловтың «Құрмет» орденін төсіне таққаны жұрттың ашуына тиген еді. Осы орайда психологтардың айтуынша, Әли Оқаловтың жағдайы буллинг емес, халықтың қоғамдағы жағдайларға үн қосуы екен.

Мұндай жағдайларға басқа қырынан да қарау керек сияқты. Халық бұл өңшіні «Құрмет» орденіне лайық көрмейді. Жұрттың басым көпшілігі расымен де

осындай пікірде екен. Сондықтан азаматтық қоғам өкілдері, қарапайым жұрт «бұл марапатқа лайық па, лайық емес пе?» деген талдау жасаған Сол себепті мұндай жағдайлар буллинг емес, халықтың ой-пікірі саналады-мыс. Бұл жерде халық пен билік ойының бір жерден шықпауын көруге болады. Билікте отырған элиталық топ Әли Оқаловқа осы марапатты берді. Оның неге лайық екенін аргумент келтіріп, дәлелдеп берген жоқ. Ондай ақпарат еш жерден табылмаған. Сондықтан бұл дау біржақты талқыға түсті.

Қоғамдық талқылаудан буллинг біздің қоғамда жиі кездеседі. Оған мысал ретінде танымал немесе танымал емес адамдардың байқамай бір сөзді айтып қалып, буллингке ұшырауын айтуға болады. Мәселен, видеодан бір үзігін қиып алып немесе тақырыбын оқи салып, басы-аяғы не болғанын талдамай, сол сөз үшін қоғамдық айыптау жасауды буллинг деуге болады.

Сондай-ақ еңбек етіп, нан таппай, диванда жатып, билікті жамандайтындар да қоғамда жетерлік. «Алма піс, аузыма түс» деген тәмсілді өзіне өмірлік серік еткен азаматтар өзінен басқаның барлығын сәтсіздігіне кінәлі етіп, аузына келгенін аталайды.

Талай жаугершілікті, қиын-қыстау заманды, ашаршылықты бастан кешіріп, ол шеті мен бұл шетіне құс қанаты талатын қазіргі кеңбайтақ өлкемізді, құтты қоныс, атамекенімізді батыр балаларымыз, еңбекқор халқымыз бізге аманаттап қалдырды. Осындай аманатты арқалаған қазіргі ұрпақтың өлсіздікке жол беріп, сәтсіздікті біреуден іздеп, жалынып-жалбарынғаны мүлде дұрыс емес. Өйткені жүрегі «Қазақ» деп соққан ұлы тұлғаларымыздың арманы бұл емес еді.

Осы тұста «ұлттық тұлға» деген ұғымға келсек, тарихи тұрғыдан ұлт үшін, халық үшін орасан маңызы зор, тарихи мән терең іс-әрекетке барған немесе аса жауапты тарихи сәттерде халық тағдырында айрықша орны болған адамға халықтың өзі осындай ұлттық, тұлғалық деңгейге көтеретін баға беріп отырған Қазақ тарихының ер кезеңдерінде осындай орасан зор халықтық мән бар тарихи оқиғаларға араласқан немесе осы тарихи оқиғаларды басқарған ұйымдастырушы, дипломат болған немесе асқан ерлік көрсеткен азаматтар халық батырлары атанған. Ұлттың ұйытқысы атанған Қазақ ұлтының бағына орай әр ғасырда жаужүрек, батыр ұлдары мен қыздары болған. Міне, ұлт содан аман қалған.

Жандос ЖАЗКЕН

Спорт



## Бала барысы

Жасөпірімдер арасында ұлттық спортымызды насихаттап, жастарды салауатты өмір салтына баулу мақсатында был Қызылорда қаласында үшінші рет 2009-2010 жылғы жасөпірімдер арасында «Бала барысы» өтті. Балуандар бәсекесінде топ жарып, күміс жүлде иегері атанған Әлиұр Сәрсенбай – №13 аудандық олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөпірімдер мектебіндегі дзюдо үйірмесінің мүшесі.

Иә, мұндағы дзюдошылар бүгінде өліміздің үздіктері қатарында. Олардың байрақты бәсекелерде жеткен жетістіктері туралы газетіміздің алдыңғы сандарында бірнеше мәрте қалам төбеген болатынбыз. Бүгінгі кейіпкеріміз Әлиұр Сәрсенбай талай спортшыны шыңдаған қарашаңыраққа 10 жасында келген.

– Әкем бала күнінде қазақша күреске қатысқан. Кейін басқа саланы таңдап, спорттан біржола қол үзген. Ал мен спорттық шежіремді 10 жасыма бастап, Өмірбек Кәлменов, Жайдар Есенов сынды бапкерлерден тәлім алып келемін. Шынымды айтсам, дзюдо үйірмесіне ең алдымен достарым қатысты. Олардың спорт саласында жеткен жетістіктерін көріп, менің де қызығушылығым артты. Қазір мен де үзбей дзюдо үйірмесіне қатысып келемін, – дейді жас спортшы.

Бастапқыда жәй ғана достарының шақыртуымен келген Әлиұр уақыт өте аптаның алты күнінде де жаттығу залынан шықпай, спортқа өрден ден қойған. Нәтижесінде байрақты бәсекелерде топ жарған ол – бүгінде қазақша күрес пен дзюдо күресінен спорт шеберіне үміткер.

Өткен аптада облыс аумағынан 32 жасөпірім қатысқан жас пауандар додасында спортшылар қарсыластарын «соқыр» жеребе арқылы анықтады.

– Жарыста жеңіске бір табан жақын болдым. Алайда жартылай финалда жеңісті қолдан жіберіп алуыма қарсыласымның салмағының көптігі сеп болды. Одан бөлек ол бұған дейін де қатарынан екі рет жеңімпаз атанған, яғни маған қарағанда тәжірибесі мол. Ал был қарсыласым үш дүркін «Бала барысы» атанып, маған күміс жүлде бұйырды. Бұл жеңістің артында бапкерлеріммен күндіз-түні үздіксіз бір жарым ай дайындалған еңбегіміз жатыр. Дәл осы байрақты бәсекеде алдыңғы екі жылда жүлдесіз қайтқан болатынмын, – дейді Әлиұр Сәрсенбай.

Айта кетейік, жыл басында өліміздің түкпір-түкпірінен жиналған мықты спортшылар Атырау облысы, Құлсары қаласында 2008-2009 жылы туған жасөпірімдер арасында «KULSARY JUDO OPEN CUP – 2024» республикалық турнирінде жүздескен болатын. Аудан абыройын арқалап барған 20 спортшының 8-і жүлдемен оралды. Соның бірі – Әлиұр Сәрсенбай. Ол бұл дода да қарсыластарымен 60 келі салмақта белдесіп, үздік үштікті түйіндеген.

– Әлиұр мектебіміздегі болашағынан зор үміт күттіретін спортшыларымыздың бірі. Ол осы уақытқа дейін өзінің мықтылығын бірнеше рет дәлелдеді. Алдағы уақытта да жеңісті жолын жалғап, аудан абыройын асқақтата береді деп сенеміз. Ол қазіргі таңда Мерәлі Шәменовты еске алуға арналған республикалық турнир мен ҚР чемпионатына іріктеуге дайындық үстінде. Спортшымыз бұл іріктеуден сүрінбей өтіп, чемпионатта топ жару үшін аянып қалмайды деп ойлаймыз, – дейді бапкері Өмірбек Кәлменов.

Қазіргі таңда білім ошағында 9-шы сынып оқитын спортшымыз болашақ мамандығын спорт саласымен байланыстырады. Ол өзінің жаттықтырушылары секілді білек пен біліктілікті бір арнаға тоғыстырып, жасөпірімдерді жеңіске жетелеуден жалықпайтын маман болуды көздейді.

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ

Өнер

## Бишілер топ жарған байқау

Алматыдан ақжолтай хабар! Балалар шығармашылығына арналған халықаралық «Бозторғай» байқауында жалағаштық «Кербез» би тобы бас бәйгені жеңіп алды. Үш күнге созылған өнер жарысында Мәдениет ауылдық клубы жанынан құрылған би тобы көрерменнің ыстық ықыласына бөленді.

Жалпы Мәдениеттегі ауылдық клубтың бұған дейінгі жетістіктері де аз емес. Бұл ондағы жоспарлардың нәтижелі жұмыс жасап жатқанын аңғартса керек. Ауылдық клуб меңгерушісі Алеша Тұрмаханов осыған дейін мәдениет үйі жанынан 5 үйірме ашылғанын айтады. Бүгінде онда 50-ге жуық бала қамтылған.

– Мәдениет – атына заты сай ауыл. Халықаралық байқауда жас өрендеріміз соны тағы бір дәлелдеп отыр. Мұнан бөлек «Қуыршақ», «Көлеңер», «Ән» және «Көркемсөз» үйірмесі жұмыс жасайды. Ондағы балалардың да бұған дейінгі жетістігі көп. Балалар шығармашылығын шыңдап, табанды еңбек етіп жатқан өріптестеріміз мақтанымын. Алдағы жоспарымыз көп, үлкен өнер жарыстары да бар, қазір соған қызу дайындық үстіндеміз, – дейді Алеша Тұрмаханов.

Айта кетейік, аталған өнер ұжымы халықаралық байқаудың аудандық іріктеу кезеңінде де дараланды. Облыстық кезеңде 10-нан астам би тобының арасынан оза шауып, бас бәйгені иеленген. Кешегі халықаралық байқауда атына заты сай өнер ұжымы «Кербез» халық биін орындаған. Ал екінші кезеңде эстрадалық үнді биімен көпшіліктің қошеметіне бөленді.



«Кербез» би тобының жетекшісі Жансая Төлегенқызы шәкіртерінің бұған дейін де өнер жарыстарында топ жарып жүргенін айтады. Мәселен «Жалынды жастар» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен өткен «JasSTAR» II республикалық-халықаралық балалар, жасөпірімдер және жастар фестиваль-конкурсында республикалық байқауға жолдама алған. Ауданда ұйымдастырылған ХХУІ «Бозторғай» балалар шығармашылығы байқауында облыстық байқауға жолдама алды. Т.Жүргенов ауылдық мәдениет үйінің ұйымдастыруымен өткен «Адал адам» мәдени-тәрбие орталығы тұжырымдамасының

«ART уақыт» жоба аясында «Сырлы бим – елге сыйым» атты бишілер байқауында бас жүлде алды.

Қызылорда облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени-просперлік орталығында өткізілген ХХУІ «Бозторғай» балалар шығармашылығы байқауында «Кербез» би тобы бас жүлдемен марапатталды. Мұнан бөлек Қызылорда қаласындағы «Ашық Азаматтық Қоғам» ақпараттық-ресурстық орталығының ұйымдастыруымен өткен «JasStar» балалар мен жасөпірімдер және жастар фестиваль-конкурсында да өнерімен топ жарды.

– Топтағы қыздардың барлығы та-

лантты, біздің міндет – бала бойындағы талабын шыңдау. Шүкір, жұмысымыз нәтижесін беріп жатыр, алдағы уақытта тағы жарыстар бар. Қазір соған дайындық үстіндеміз. Бала бойындағы шығармашылықты, өнерді одан әрі дамыту баланың ізденуімен ғана жүзеге аспайды. Біз де ізденеміз, жиган тәжірибемізді соларға үйретеміз. Өнер жарысындағы осыған дейінгі ортақ жеңісімізді соның жемісі деп білеміз, – дейді «Кербез» би тобының жетекшісі Жансая Төлегенқызы.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор  
Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық  
«Жалағаш жаршысы» газетінің редакциясы

Бас редактор  
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:  
Бас директор - 8(7242) 70-00-36  
Бас редактор - 32-0-41  
Бас редактордың орынбасары,  
жауапты хатшы,  
бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

«Жалағаш жаршысы» аудандық газеті КР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.  
Тел.: 87242/40-06-68.  
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2850 Тапсырыс № 1620